

«Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

(мемлекеттік органның атауы)

2021 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
ақпараты

I-нысан

№	<p>Сыбайлас жемқорлықты жою бойынша қабылданған шаралар мен ұсыныстар</p> <p>(ведомствоға бағынысты ұйымдарда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы жиынтық деректерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №154 Жарлығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және жариялау қағидаларының 3-тармағына сәйкес ақпарат) *</p>	<p>Алынған немесе күтілетін әсер</p> <p>(қабылданған шаралар азаматтардың әл-ауқатына, кәсіпкерлерді қорғауға, бизнес-процестерді автоматтандыруға, ашықтығына және оңтайландыруына, қызмет көрсету мерзімдерін қысқартуға, әкімшілік ресурстарды үнемдеуге, бюджеттің ұтымсыз жұмсалуды болдырмауға, мемлекеттік органдар қызметі мен қоғамдық өмірдің басқа да аспектілеріне қандай әсер етті)</p>
	<p>2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс, оның ішінде осы көрсеткіш бойынша 5 негізгі бағыт бойынша жүргізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру және ұйымдастыру шешімдерін, оның ішінде тұрмыстық жемқорлық; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық парасаттылықты қалыптастыру; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы, оның ішінде тұрмыстық жемқорлық бойынша азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл; - ақпараттық жұмыс. 	<p>Академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша қабылданған қағидаларды өзектендіру мақсатында ағымдағы жылы академиялық адалдық Кодексі қайта қаралды және университеттің Академиялық саясатына бөлім ретінде қосылды. Сондай – ақ, осы бағыт шеңберінде Басқарма Төрағасы-Ректордың стипендиясын ұсыну және төлеу тәртібі қайта қаралды. Өзірленген ереже стипендияны бөлу процесін барынша ашық және айқын етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Есепті кезеңде "Біліктілікті арттыру (қайта даярлау)", "Талапкерлерді қабылдау рәсімі", "Резидентураға түсу емтихандары", "Университет жатақханасына орналасу" және "Жатақхана құрылысы" объектілері бойынша 5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу рәсімдеріне қоғам өкілдері, атап айтқанда "Nur Otan" партиясының Қарағанды облыстық филиалы, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, БАҚ, "Сарыарқа – адалдық</p>

<p>Жоғарыда көрсетілген бағыттарды іске асыру Басқарма Төрағасы – Ректордың 2020 жылғы 8 қазандағы №206 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметтің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспарына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысымен келісілген 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдарға арналған "Sanaly Urpaq" жобалық кеңсесі жұмысының кешенді Жоспарларына сәйкес жүргізілді. Сонымен қатар, белгіленген нормаларды сақтау шеңберінде университетте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт енгізілді. Жоспарлар Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ішкі аудит департаментінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, "Adal Bilim", "Sanaly Urpaq", "Saryarqa-Adaldyq alańy" жобалық кеңселерінің ұсынымдарына сәйкес жасалды.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі шеңберінде жұмысты жоспарлау мәселелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Комиссияның отырыстарында және "сенім жәшіктерінен" хаттарды алу талқыланады.</p> <p>Білім алушылардың тәртіптік теріс қылықтар жасау және академиялық адалдық қағидаттарын бұзу жағдайларын қараумен студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссия айналысады. Қызметкерлер тарапынан бұзушылық жағдайларын қараумен Тәртіптік комиссия айналысады. 2021 жылы студенттердің белгіленген ережелерді сақтауын қадағалау жөніндегі Комиссияның 4 отырысы және Тәртіптік комиссияның 1 отырысы өткізілді.</p> <p>Академиялық ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және академиялық адалдықты қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ағымдағы жылы жалпы саны 300 тыңдаушыны қамтитын 6 ұйымдастырушылық кеңес, 7 конференция мен семинарлар, жалпы саны 1197 тыңдаушыны қамтитын 5 дәріс, 3</p>	<p>алаңы" жобалық кеңсесінің өкілдері тартылды. Жүргізілген мониторингтердің қорытындысы бойынша тиісті ұйымдастыру шаралары қабылданды.</p> <p>Сәуір мен мамыр аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің келесі ықтимал индикаторлары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұйымдастыру-кадрлық қызметі; - Қаржы-шаруашылық қызметі; - Білім беру қызметі; - Ғылыми-инновациялық қызмет; - Әлеуметтік-тәрбиелік қызмет. <p>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша 14 ұсыныс пен ұсыным шығарылды.</p> <p>Толық аналитикалық анықтама университеттің корпоративтік сайтында жарияланған. Қазіргі уақытта түзету іс-шаралары жоспарына сәйкес осы ұсынымдарды орындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.</p> <p>Процестерді цифрландыру мен автоматтандыруды кезең-кезеңімен енгізу арқылы "университет-студент" өзара қарым-қатынасындағы тәуекелдерге жол берілмейді. Бұл үдерістер ашықтықты арттыруға және қызмет көрсету мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік берді.</p> <p>Ректор блогы, "MUKInsider" телеграмм-арнасы сияқты тиімді байланыс арналарын пайдалану білім беру процесіне байланысты студенттік ортадағы белгілі бір шиеленісті жеңілдетуге және бар мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік берді.</p>
--	--

құқықтық жалпы оқыту (197 тыңдаушы) және 15 акция (1338 қатысушы) өткізілді.

"**Meditsinanyñ bolashagy**" акциясын өткізу шеңберінде Академиялық адалдық қағидаттарын түсіндіру бойынша қаңтар, сәуір, қыркүйек, қараша айларында әртүрлі курстардың студенттерімен бірқатар кездесулер өтті. Аталған іс-шараларды өткізуге университет мектептерінің қызметкерлері мен студенттік ұйымдардың өкілдері тартылды.

"**Көшбасшы мектебі**" жобасын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылы **2 сабақ** парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру тақырыптарына арналды – Наурызда лектор ретінде Басқарма Төрағасы – Ректор, ал сәуірде – комплаенс-офицер лектор ретінде сөз сөйледі.

Сәуір айында университет білім алушыларының "Adaldyq alanu" Жобасының жетекшісі - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму Министрінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Штаттан тыс кеңесшісі, ҚХА жанындағы "Жарасым" Республикалық жастар ұйымының төрағасы Тимур Джумурбаевпен және Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығының әлеуметтік-құқықтық және психологиялық кеңес беру секторының заң кеңесшісі Ержан Есказинмен кездесулері өтті.

Бұл жұмыста академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша жобаларды іске асыру бойынша студенттік бастамаларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. "**Sanaly Ugraq**" студенттік клубы жұмысын жалғастырды. Белсенділермен әлеуметтік желілер үшін контент қалыптастырылуда, бейнероликтер конкурсы ұйымдастырылды, "**Таза сессия**" акциясы аясында барлық білім беру бағдарламаларының 1 курс студенттерімен кездесулер циклі өткізілді және университет жатақханасында тұратын студенттермен сауалнама, "**Адалдық сағаты**" 11 лекция ұйымдастырылды. Клуб белсенділері ағымдағы жылы **сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы облыстық эссе байқауы мен облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар байқауында жеңіске жетті.**

Сонымен қатар, клуб белсенділері «Sanaly Ugraq» және «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының республикалық слетінің жұмысына қатысты.

Университетте тұрақты негізде қызметтің нақты бағыттары бойынша студенттердің пікірін бағалауға бағытталған ішкі зерттеулер жүргізіледі. Ағымдағы оқу жылында 1-15 қазан аралығында сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау бойынша сұрақтар блогын қамтитын **"ҚМУ" КеАҚ Білім беру үдерісінің сапасына білім алушылардың қанағаттанушылығын бағалау "** зерттеуі өткізілді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша тәуекелдерді одан әрі азайту бойынша нақты шаралар әзірленді. Сондай-ақ, университет қызметінің ашықтығын ескере отырып, Қарағанды облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қоғам өкілдерінің қатысуымен қараша айында университет студенттері арасында жастардың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға дайындығы мәселелері бойынша **сыртқы әлеуметтік сауалнама** өткізілді.

Азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылды нығайтудың маңыздылығын ескере отырып, бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді. Мәселен, қыркүйек айында Жастар қозғалысының көшбасшыларымен, еріктілер-белсенділермен және ЖОО студенттерімен PechaKucha (TedX) форматында **кездесу**, академиялық адалдық және парасаттылық мәселелерін талқылау бойынша **2 семинар**, қаланың білім беру ұйымдарында студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, өңірдің білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша **2 семинар-тренинг**, **"AntikorLive" жобасы** шеңберінде жұртшылықпен **5 кездесу** ұйымдастырылды.

Жұмыстың басым бағыты қызметкерлер мен студенттерді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге, академиялық адалдық Лигасының қағидаттарына, академиялық адалдық Кодексінің белгіленген қағидаларын сақтауға оқыту болып қала береді. Осылайша, осы жылы университет қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

<p>заңнамасына енгізілген өзгерістер мәселелері бойынша жалпы оқыту, "Академиялық адалдық" жобасы шеңберінде дөңгелек үстел, "Эмоциялық көшбасшылық технологиялары және Жеке және кәсіби табыстылықтың кілті" тақырыбына семинар-тренинг, университеттерде және оқу орындарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және комплаенс-офицерлердің рөлі туралы оқыту вебинары, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс" модулі бойынша оқыту өткізілді.</p> <p>2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта және "Адал медицина" жобасы аясында БАҚ-да, университеттің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында, корпоративтік сайтта 176 материал жарияланды.</p> <p>Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы (2021 жылғы наурыз) жоғары білім саласындағы парасаттылықты ілгерілету жөніндегі республикалық кездесу-кеңесте аталып өтілді, ал 2021 жылғы желтоқсанда университет ұжымы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және парасаттылық құндылықтарын ілгерілетуге қосқан үлесі үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хатымен марапатталды.</p>	
--	--

* Қағидалар Құқықтық әділет жүйесінде <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1500000154> сілтемесі бойынша қолжетімді

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері (1-нысандағы мәтіндік ақпаратқа қосымша)

Талдаулар саны	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталған саны	Әзірленген ұсынымдар саны	Орындалған ұсынымдар саны	Ішкі талдау қорытындылары бойынша қабылданған құқықтық актілердің (қолданыстағы; жаңа; жаңа редакциядағы түзетулер енгізілетін) саны	Ішкі талдау қорытындылары бойынша қабылданған ұйымдастыру шараларының саны
1	4	14	7	-	-

Жұмыстың сервистік моделіне көшу туралы ақпарат

Орталық мемлекеттік органдар		Фронт-офистің болуы (жұмыс істейді / жоқ)
3.1 Орталық аппарат		
Ведомствоның, орталық мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атауы		
1	...	
2	...	
3.2 Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің (облыстық деңгейдегі) және оның ведомстволарының атауы		
1	...	
2	...	
Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің (облыстық деңгейдегі) және оның ведомстволарының саны - ____		
Орталық мемлекеттік органның және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (облыстық деңгейдегі) ашық фронт-офистердің саны - ____		
3.3 Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің (аудандық деңгейдегі) және оның ведомстволарының атауы		
1	...	
2	...	
Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің (аудандық деңгейдегі) және оның ведомстволарының саны - ____		
Орталық мемлекеттік органның және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (аудандық деңгейдегі) ашық фронт-офистердің саны - ____		

Әкімдіктер/әкімнің аппараттары	Барлығы	Сервистік әкімдіктер саны	Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының саны (тек ауылдық/кенттік деңгейді есепке алу, онда сервистік әкімдік құру мүмкін емес)
Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың			-
Қаладағы ауданның, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың			-
Ауылдық округ, кент			

Мемлекеттік органдар жұмысының сервистік моделіне көшудің негіздері: Мемлекет Басшысының төрағалығымен өткен 2020 жылғы 19 тамыздағы кеңес хаттамасының 5.5-тармағы; Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысы орынбасарының 2020 жылғы 19 маусымдағы №20-1929 тапсырмасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту туралы ақпарат

(«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағын орындау үшін)

4-нысан

№	Не істелді?	2022 жылға не жоспарланған?
	<p>2019 жылы "Қарағанды медицина университеті" КеАҚ комплаенс-офисі ашылды, ол 2021 жылы жұмысын жалғастыруда. Офистің штат саны 2 бірлікті құрайды: комплаенс-офицер және маман. Қазіргі уақытта комплаенс-офис құрылымына сәйкес тікелей Басқарма Төрағасы – Ректорға бағынады.</p> <p>Ағымдағы жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы 5 мониторинг жүргізілді. 2021 жылдың сәуір-мамыр айларында "Біліктілікті арттыру (қайта даярлау)" нысаны бойынша мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.</p> <p>Тамыз айында "Nur Otan" партиясы жанындағы "Jas Otan" жастар қанатының мүшелерін тарта отырып, резидентураға түсу</p>	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың белгіленген жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында және ҚР қолданыстағы заңнамасын сақтау мақсатында комплаенс-офисті Директорлар кеңесіне тікелей бағындыруды енгізу жоспарлануда.</p> <p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №174 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты одан әрі имплементациялау, университеттің ішкі процестерін Академиялық адалдық лигасының стандарттарына сәйкес келтіру, қоғамдық бақылауды күшейту, білім алушылардың шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылады.</p>

<p>емтихандарын өткізу рәсімдеріне мониторинг жүргізілді (https://www.facebook.com/Officialkmu/posts/3866642750107948).</p> <p>Резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес оқуға қабылдау түсу емтиханының қорытындысы бойынша жүзеге асырылды. Үміткер мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинауы тиіс, ал грант тек ең жоғары балл жинаған тұлғаларға ғана берілді. Осы жылы аталған әдіс бойынша түсу емтихандарының рәсімінен 2019 жылға дейін интернатураны бітірген үміткерлер өтетінін, ал 2020 және 2021 жылғы түлектерге тәуелсіз емтихан нәтижелері есептелетінін атап өту қажет.</p> <p>Бұл емтихан білім беру грантын тағайындау конкурсының құрамдас бөліктерінің бірі болды-сонымен қатар соңғы күнтізбелік 3 жылдағы GPA, ғылыми жетістіктер, ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер, ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар, ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар ескерілді. Сондай-ақ, ұпайлар COVID-19 пандемиясы кезінде жұқпалы аурулар ауруханаларында, оның ішінде еріктілер ретінде кәсіби тәжірибесі мен жұмысы үшін де берілді. Барлық үміткерлердің қорытынды бағасын университеттің кафедра меңгерушілері мен оқытушыларынан тұратын арнайы емтихан комиссиясы бекітті. Байқаушылар түсу емтихандарын ұйымдастырудың жоғары деңгейін және үміткерлердің білімін бағалаудың объективтілігін атап өтті. Бұзушылықтар анықталған жоқ.</p> <p>Қыркүйек айында жұртшылықты тарта отырып, университет жатақханасына орналастыру рәсіміне мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу барысында өтініш беру мерзімі туралы білім алушыларды ақпараттандыру жүйесінің жетілмегендігімен байланысты елеусіз бұзушылықтар анықталды. Сондай-ақ, ЭҮП egov.kz арқылы орындарды бөлудің жоспарлы рәсімін жүргізу кезінде жүйелік ақаулық орын алды және қызмет қол жетімді болмады. Шұғыл түрде тиімді процесті ұйымдастыру мақсатында өтініштерді беру рәсімі GoogleForms</p>	<p>2022 жылы ЖОО-да қабылданған Академиялық адалдық қағидаларын қайта қарау, сондай-ақ университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу жоспарлануда.</p>
---	---

<p>платформаларына көшірілді. Бөлу және қоныстандыру рәсімінің қорытындысы бойынша Платонус үшін "Жатақхана" модулін сатып алу туралы шешім қабылданды.</p> <p>Қыркүйек айында "Nur Otan" партиясының Қарағанды қалалық филиалы жаңа жатақхана құрылысына мониторинг жүргізді.</p> <p>Тамыз-қыркүйек айларында "Талапкерлерді қабылдау рәсімі" нысаны бойынша мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында талапкерлердің бірі құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік білім грантын тағайындау туралы жалған сертификат бергені анықталды. Мониторинг қорытындысы бойынша алынған ақпарат талапкерге қатысты тиісті шаралар қабылдау үшін ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығына жіберілді.</p>	
---	--

5-нысан

№	Көрсеткіш	Сандық мәні
1	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғаларды қоса алғанда) саны	
2	Дербес комплаенс-қызметтердің саны (бар болса)	
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары жүктелген бөлімшелердің саны (жеке қызмет құрмай)	